

*М.М. Муратказин*¹, Т.А. Кариева²*

¹т.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан, E-mail: muratkazin@bkl.ru

*²тарих ғылымдарының кандидаты, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
Семей, Қазақстан, E-mail: kariyeva77@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1814-4208>*

АҚСУАТ АЙМАҒЫНЫҢ ТАРИХЫ МЕН ДАМУ БАРЫСЫ

Аңдатпа

Ақсуат ауданы – Абай обылысының құрамындағы әкімшілік-аумақтық бірлік. Орталығы – Ақсуат ауылы. Көп деректерде Ақсуат ауданының тарихы 1935 жылдан басталады делінеді. Дегенмен, мақалада бұл аймақтың тарихы тереңде екенін ашық көрсетіп жазылған. Аудан атауы 1868 жылы Ресей императоры Александр II «Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару жайлы Уақытша Ереже» Жарлығына қол қойған кезеңнен бастау алады. XVIII ғасырда жергілікті аңыз-әңгімелерде «Ақсуат» сөзі қолданылғаны туралы әртүрлі деректер де кездеседі.

Ақсуат ауданы батысында Аягөз және Жарма аудандарымен, солтүстігінде Көкпекті ауданымен, оңтүстігінде Үржар, Мақаншы аудандарымен мен ҚХР аумағымен, шығысында ШҚО-ның Тарбағатай ауданымен шектесіп жатыр. Орналасу аймағы тарихи, саяси, әлеуметтік тұрғыда маңызы бар аудан болғандықтан, әр кезеңдегі өзгерістер, даму барысын қазіргі таңда да тақылау өзекті болып табылады. 1997 жылы 23 мамырда Ақсуат ауданы жойылып, оның аумағы Тарбағатай ауданына берілді. Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 мамырдағы № 887 Жарлығына сәйкес 2022 жылы 7 маусымда Ақсуат ауданы Тарбағатай ауданының құрамынан бөлініп, жеке аудан болып қайта құрылды.

Кілт сөздер: Ақсуат ауданы, аудан тарихы, обылыс.

*Муратказин М.М.*¹, Кариева Т.А.²*

*¹кандидат исторических наук, ассоциированный профессор КазНПУ им. Абая
г. Алматы, Казахстан E-mail: muratkazin@bkl.ru*

*²кандидат исторических наук университета Шакарим. Семей, Казахстан
E-mail: kariyeva77@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1814-4208>*

ИСТОРИЯ И РАЗВИТИЯ АКСУАТСКОГО РЕГИОНА

Аннотация

Аксуатский район-административно-территориальная единица в составе Абайской области. Центр- село Аксуат. В большинстве источников история Аксуатского района восходит к 1935 году. Однако в статье прямо указано, что история этого региона глубоко укоренилась. Название района восходит к периоду, когда в 1868 году российский император Александр II подписал указ «Временное положение об управлении Уральской, Тургайской, Ақмолинской и Семипалатинской областями». В XVIII веке в местных легендах-рассказах встречаются и различные источники об использовании слова «Ақсуат». Аксуатский район граничит на Западе с Аягөзским и Жарминским районами, на севере с Кокпектинским районом, на юге с Урджарским, Мақанчинским районами и территорией КНР, на востоке с Тарбағатайским районом ВКО. Так как территория расположения является исторически, политически, социально значимым районом, то изменения на каждом этапе, ход развития актуальны и сегодня. 23 мая 1997 года аксуатский район был упразднен, а его территория передана Тарбағатайскому району. В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 3 мая 2022 года № 887 7 июня 2022 года Аксуатский район был выделен из состава Тарбағатайского района и преобразован в отдельный район.

Ключевые слова: Аксуатский район, история района, область.

*М.М. Muratkazin*¹, Kariyeva T.A.²*

*¹candidate of historical sciences, associate professor of the Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan, E-mail: muratkazin@bkl.ru*

THE HISTORY AND DEVELOPMENT OF THE AKSUAT REGION

Abstract

Aksuatsky district is an administrative-territorial unit within the Abai region. The center is the village of Aksuat. In most sources, the history of the Aksuat district dates back to 1935. However, the article explicitly states that the history of this region is deeply rooted. The name of the district dates back to the period when in 1868 the Russian Emperor Alexander II signed a decree "Temporary regulations on the administration of the Ural, Turgai, Akmola and Semipalatinsk regions". In the XVIII century, local legends and stories contain various sources about the use of the word "Aksuat". Aksuat district borders on the West with Ayagoz and Zharma districts, on the north with Kokpekty district, on the south with Urdzharsky, Makanchinsky districts and the territory of the People's Republic of China, on the east with Tarbagatai district of East Kazakhstan region. Since the territory of the location is a historically, politically, and socially significant area, changes at each stage and the course of development are relevant today. On May 23, 1997, Aksuat district was abolished, and its territory was transferred to Tarbagatai district. In accordance with the Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated May 3, 2022 No. 887, on June 7, 2022, Aksuat district was separated from Tarbagatai district and transformed into a separate district.

Keywords: Aksuatsky district, history of the district, region.

Кіріспе.

Ақсуат ауданының тарихы, оның даму барысы, белгілі бір кезеңдердегі өзгерістер туралы еңбектер жоқтың қасы. Аймаққа қатысты жекелеген еңбектер арқылы мақаланың мазмұнын ашу үшін жекелеген мәселелерге жауап беру арқылы көтеріліп отырған бағыттың мәнісін анықтауға болады. Негізінен, дереккөздермен кеңес тарихшылары, қазіргі кезеңнің тарихшыларының еңбектерін пайдалана отырып, Шығыс Қазақстан облысының Ақсуат аймағының тарихы сол өлкеде табылған ескерткіштер мысалында зерттеліп отыр.

Шығыс Қазақстан Облыстық Мемлекеттік Архивінің электронды 129-қордың тарихи-мәдени ескерткіштерге қатысты мәселелер көтерілген материалдар алынған. Осы мұрағаттың электронды сайтынан алынған мәліметтердегі әкімшілік-аумақтық құрылым жөнінде және Ақсуат аймағының тарихы мен аудандық кеңестері жөнінде ақпарат берілген.

Ақсуат аймағы жайлы және сол жердегі аңыз әңгімелер мен ескерткіштер жайлы Т.Түсіпов, Е.Қ. Оралбай, З.Қайсеновтың және т.б. осы қатардағы еңбектерде тақырыпқа қатысты мәліметтер берілген. З.Қайсенов «Шығыс Қазақстан облысының тарихи-очерктері» кітабында Шығыс Қазақстан облысының мәдени мұраларына, өлкенің археологиясы, көне ескерткіштерге, жоңғарлар кезіндегі тарихи кезеңге тереңірек тоқталады. Осы еңбекте Абай облысының Ақсуат ауданының тарихына сипаттама беріледі.

Т.Түсіповтың «Тарбағатай - өскен жер» атты еңбегінде өңірдің ұштасқан тау жоталары, сол жердегі берілген жер аттарын аңыз арқылы сипаттап көрсеткен. «Тарбағатай нұры» аудандық басылымда М.Маратқызының «Ақжарда-тау көтерген Толағай» деген мақаласында жұмыстың тақырыбы қатысты мәліметтер келтірілген. Мақала авторы Ақсуат өңірінің ескерткіштерін жөнге келтіру және жоңғар шапқыншылығы кезінде соғысқан батырларды еш қалтырмай оларды да тарихи-мұра қатарына кіргізіп, ескерткіштер салуды ары қарай іске асыру мәселесін көтерген. Автор сонымен қатар Тарбағатай өңіріндегі мифологиялық тарихи орындармен ескерткіштер жайлы мәлімет береді.

Қ.Ақжасарова өзінің «Тарбағатай тарихы» деген мақаласында «Мәдени мұра» атты жиынтық кітапшасында жарияланған, қазақ елінің асыл мұралар қазынасында Ақсуат өңірінің өзіндік үлесі қомақты екендігін көрсете келе, Ақсуат өңіріндегі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан асыл мұралар ғылыми танымдылықпен зерделене түскендігі жайлы тоқталған. Автор онда арғы бергі тарихты түбегейлі зерттеу, жинақтау, насихаттау бағытында, өлкетанудың негізін құрастырып отырған ғылыми зерттеу жұмыс-тарының бірден бір орталығы - Ақсуат тарихи - өлкетану музейі екендігі берілген.

Сонымен қатар, 1998 жылы «Барқытбелдің баурайында» атты еңбекте, Ақсуат ауданына байланысты мәліметтер толығырақ қамтылған. Бұл еңбекте ауданның тарихына, Тарбағатай ауданы құрылған кездегі ауданның шаруашылығына, халықтың әлеуметтік жағдайына, елдегі саяси жағдайға және мәдениеті туралы мәліметтер көрсетілген.

Алматы қаласындағы «Қазақ көшпенділер мәдени мұрасының проблемаларын зерттеу» институтының кіші ғылыми қызметкері С. Садықов «Тарбағатай нұры» аудандық басылымында жарияланған

«Тарбағатай баурайындағы Қоңыртау көшпенділердің мұралары жайлы» жазған мақаласында Ақсуат аймағы тарихи ескерткіштері қарастырылған және кең байтақ қазақ жерінде табиғи байлықпен қатар, тарихи орындардың да көптеп кездесетіні сөз болады.

Жер көлемінің үлкендігіне орай, әлі де зерттелмеген Отанымыздың ой-шұңқырлары, тарихи орындары, табиғат ескерткіштері көп. Тарихшы ғалым С.Смағұлова «Тарбағатай нұры» басылымында жария-ланған «Бөрітастаған құпиясы: Аңыз бен Ақиқат» мақаласында: «Жәңгікей мен кіндікті ауылдары арасындағы жазықта жатқан Бөрітастаған жартасы туралы Ақсуат өңірінде мекендейтіндердің бәрі халық аузында бұрыннан бері таралып келе жатқан аңызды жыр етіп айтады. Халық жадында сақталған бұл аңызға сүйенсек, жартас жатқан жерге ертеректе бір кемпір отар қойын жайып, күн көріпті-мыс. Бір күні сол отарлы қойына қасқыр шапса керек. Жіп иіріп отырған кемпір қасқырларға қарсы ұршығының тасын алып лақтырып жіберсе керек. Тастың түскен жеріне үлкен тау пайда болып, «Бөрітастаған» аталыпты» - деп мифологиялық түрде өз еңбегін айқындаған.

Материалдар мен әдістемелер. Ақсуат аймағының тарихын зерттеуде жинақталған мағлұматтарды қарастыру барысында жұмыстың әдістемелік негізі ғылыми қағидаларға негізделген. Мақаланы жазуда жан - жақты ғылыми тарихилық, шынайлық сынды әдістемелік қағидалар қолданылды. Сонымен қатар, мақала нақтылы фактілік, жүйелеу, салыстыру, саралау, қорытындылау әдістері барысында жүргізілді.

Ақсуат аймағының тарихын ашу үшін жекелеген мәселелерге жауап беру арқылы көтеріліп отырған мәселенің мәнісін анықтауға болады. Шығыс Қазақстан Облыстық Мемлекеттік архивінің онлайн 129-қорлардың тарихи-мәдени деректері негізге алынды. Осы архивтан алынған мәліметтерде әкімшілік-аумақтық құрылым жөнінде және аймақтың тарихи ескерткіштері жайлы берілген. Сонымен қатар «Дидар», «Семей таңы» және т.б. басылымдар материалдары қолданылды.

Негізгі бөлім.

Қазақстан Респубикасының тарихи ескерткіштер қазынасында Ақсуат аймағының үлесі салмақты. Ал енді тақырып аясын қамтитын Ақсуат аймағының тарихи бастауларына тоқталайық. Ақсуат аймағының Семей облысына қарауы тым ерте кезден, 1868 жылы Ресей императоры Александр II «Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару жайлы Уақытша Ереже» Жарлығына қол қойған кезеңнен бастау алады.

1927 жылғы наурызда Бүкілодақтық Кеңестердің VI съезінде Республика басшысына экономикалық саралау арқылы, орналасу жер жағдайына, табиғатына, басқару мүмкіншіліктеріне ыңғайлап губерния, уез, болыстарды қысқартып, оның орнына жаңа құрылым – округ, аудан-қала, село, ауыл үштізбекті жүйесін тездетіп шешу тапсырылады.

1928-1935 жылдары ауданда 12 ауылдық, селолық кеңестер болды. Қазіргі Ойшілік, Құмкөл ауылдары Ақсуат ауданына қараған. Ақсуат ауданының құрылуы толық аяқталмағандықтан, партия комитеті мен кеңестер атқару комитетінің қабілетті жоғары кадрлармен толықтыру жұмысын жүзеге асыруға кіріскен болатын. Сол кездегі Ақсуат аймағының алғашқы басшының бірі Бейсенбай Құсанов көп жылдар Ақсуат аймағын басқарып, ел мен жердің дамуына үлкен ерекше үлес қосқан жан еді [1, 243].

1928 жылдың 17 қаңтарында Семей, Өскемен болыстары мен Семей губерниясына қарайтын Бұқтырма уезі, Жетісу губерниясына қарайтын Лепсі уезінің жартысы қосылып Семей округін құрды. Осы жылдың 3- қыркүйек күнгі Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің қаулысы негізінде Семей округі бойынша: 23 аудан құрылды. Міне, таратылған Зайсан уезі бойынша, Тарбағатай, Нұр-Зайсан, Нарын болыстары негізінде – Ақсуат ауданы, осы уездегі Баспан-Базар, Қызыл тас, Нарын болыстарының негізінде – Қызыл тас ауданының негізі қаланды [1, 243].

Салыстырмалы түрде қарағанда, келесі кестеден, Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының 1928 жылғы елді мекендерінің бөлінісін көруге болды [2, 40].

Кесте 1

Ақсуат ауданы

№	Ауылдық (ауыл, село, кент) округтердің атауы	Округтің бұрынғы атауы	Округ атауларының (Орталығының) орыс тіліндегі атауы (транскрипциясы)	Округ орталығының атауы
1	Ақсуат ауылдық округі	Ақсуат селолық округі	Аксуатский сельский округ-с. Ақсуат	Ақсуат ауылы
2	Екпін ауылдық округі	Екпін селолық округі	Екпинский сельский округ-с. Ақсуат	Екпін ауылы

3	Көкжыра ауылдық округі	Көкжыра селолық округі	Кокжиринский сельский округ-с. Аксуат	Көкжыра ауылы
4	Сәтпаев ауылдық округі	Сәтпаев селолық округі	Сатпаевский сельский округ-с. Аксуат	Сәтпаев ауылы
5	Ырғызбай ауылдық округі	Ырғызбай селолық округі	Ырғызбайский сельский округ-с. Аксуат	Ырғызбай ауылы
6	Қызылкесік ауылдық округі	Қызылкесік селолық округі	Қызылкесікский сельский округ-с. Аксуат	Қызылкесік ауылы
7	Құмкөл ауылдық округі	Құмкөл селолық округі	Кумкольский сельский округ-с. Аксуат	Құмкөл ауылы
8	Ойшілік ауылдық округі	Ойшілік селолық округі	Ойшиликский сельский округ-с. Аксуат	Ойшілік ауылы
9	Кіндікті ауылдық округі	Кіндікті селолық округі	Киндиктинский сельский округ-с. Аксуат	Кіндікті ауылы
10	Ақжар ауылдық округі	Ақжар селолық округі	Ақжарский сельский округ-с. Аксуат	Ақжар ауылы
11	Қабанбай ауылдық округі	Қабанбай селолық округі	Кабанбайский сельский округ-с. Аксуат	Қабанбай ауылы
12	Қарасу ауылдық округі	Қарасу селолық округі	Қарасуский сельский округ-с. Аксуат	Қарасу ауылы
13	Құйған ауылдық округі	Құйған селолық округі	Куйганский сельский округ-с. Аксуат	Құйған ауылы
14	Жетіарал ауылдық округі	Жетіарал селолық округі	Жетаралский сельский округ-с. Аксуат	Жетіарал ауылы
15	Маңырақ ауылдық округі	Маңырақ селолық округі	Маныракский сельский округ-с. Аксуат	Маңырақ ауылы
16	Жаңаауыл ауылдық округі	Жаңаауыл селолық округі	Жанаауылский сельский округ-с. Аксуат	Жаңаауыл ауылы

1928 жылы Шығыс Қазақстан Облысы Аксуат өңірінде 16 ауылдық округ болды. Орталығы Аксуат ауылы есептеліп, халқының саны 59 737 адам еді.

1932 жылдың 21 наурызында Қазақ Автономиялық Кеңес Социалистік Республикасының Орталық Атқару Комитетінің Президиумы 12 ауылдық кеңес құруды көздеді. Олар: Ақжарлық, Голощекиндік, Жаңғытастық, Жартастық, Қарасулық, Құмкылдық, Маңырақтық, Покровтік, Тебестік, Тополево-Мысовскийлік, Оразовтық және Шорғындық ауылдық кеңестері.

Ақсуат ауданы 1935 жылғы 9 қаңтарда Шығыс Қазақстан облысының құрамында Көкпекті және Аксуат аудандарының бөліктерінен қайта құрылды (1935 жылғы 31 Қаңтарда БОАК-пен бекітілген). Ауылдық Кеңестер: Аксуат, Қарағоба Қарғыба болуы кк, Үш Арал, Сталин, Көктөбе, Ақжайлау, Қызылкесек, Көкжар, Ерназар, Қызылтан, Ойшілік, Құмгүл [3, 2]. Сонымен Шығыс Қазақстан Облыстық Атқару Комитетінің 1935 жылғы 24 ақпандағы қаулысымен Күнгүл және Ойлық ауылдық кеңестері, жаңадан құрылған Аксуат ауданына ауыстырылды; Зырян ауданынан Тарбағатайға дейін Шілікті ауылдық кеңеске берілді. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1939 жылғы 14 қазандағы Жарлығымен Аксуат ауданы Шығыс Қазақстан облысынан Семей облысының құрамына берілді [4, 19]. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1954 жылғы 4 тамыздағы Жарлығымен ауылдық кеңестер біріктірілді: Алғабас және Ерназар-Ерназар.

Көк-Түбек және Көк-Жирин-Көк-Жирин; Сталин және Қызыл-кесек-қызыл-кесекке; Қызыл-қайың және Аксуат-Ақсуат; Семей облысы ауданының аумағын беру сәтінде аудан құрамында жоғарыда аталған ауылдық кеңестерден басқа Алғабас ауылдық кеңесі болды.

Талқылау.

Алғашқы Кеңес үкіметін ұжымдастыру мен колхоз құрылысын, партия ұйымдарын құрып нығайтуда және қайтсек те халықтың жағдайын жақсартамыз деген ауданымыздың абзал азаматтары көп болды. Олар М.Күденов, Алдажар Қосаев, Кенесары Бакин, Ж.Сәрсенов, Кәрібай Танашев, А.Нұразханов, Кәрім Егізбаев, М.Өтемісов, А.Көбелеков, Құрманғали Самарханов, Х.Интин, Туғанбай Батыршин, С.Бөлекбаев, Мағзұм Төребеков, Әбілмәжін Аманқұлов, И.Қожамбердин, Бәтен Дүйсенбаева, Көшкінбай Айтжанов, М.Истомин, М.Түсіпов, Әубәкір Бекқожин, Жәкіш Жарылғапова, Минуар Тоғанасова, К.Кәрібаев, Жолдыбай Мәстекбаев, Кәрім Мұқышев, Рахымжан Исин, З.Сексенова, М.Дүтбаев, Е.Шомбин, Ә.Қамбетов, Ә.Оспанов, Н.Смағұлова, Рысбек Жекебаев, М.Ибраева, Сайдахмет Шұқыжанов, Қ.Кіштанов, Ш.Мұхамеджанов, Қ.Біләлов, Н.Машалов тағы да

басқа көптеген азаматтар болды. Сол бір қиын қыстау кезеңде осы аға ұрпақ өкілдері ерлікке пара-пар еңбек етіп, халықты сондарынан ерте білді. Бұлардың еңбегі кейінгі жас ұрпаққа үлгі, өнеге [5, 15].

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1954 жылдан 1997 жылға дейінгі қаулы бойынша ауылдық кеңестер құрылды. Олар: Қызылту және Покровтік - Покров те, Жирен және Қарасулық - Қарасу да, Шілікті және Максимогорковтік - Қарасуда, Қарасу және Шорғындық- Қарасуда, болды.

Қарғалы ауылдық кеңесі таратылды; Қаратал елді мекені Ақсуат ауылдық кеңесінің құрамына, Сұлутал елді мекені – Ойшілік ауылдық кеңесінің құрамына берілді [6, 416].

Ақсуат аймағының мәдени өмірінде де елеулі өзгерістер болды. Аймақта көпшілікке өнер-білім тарататын мәдениет ошақтарының саны көбейді. Ақсуат аймағының өзінде ғана 18 селолық клуб, 17 автоклуб, 36 кітапхана, 2 кинотеатр, өлкетану музейі жаңалық пен жақсылықтың жаршысы, халықтың шын мәніндегі мәдени - рухани нәр алатын, адамзат баласының ақыл-ойы қол жеткізген игіліктермен молынан сусындайтын сүйікті орнына айналып отыр. Ақсуат өнерпаздарының атағы республикаға, және шет елдерге де таныс болды.

Аймақ мәдениетінің кеңестік кезеңдегі алғашқы бастамасы Ақсуат ауылында ашылған тұңғыш «Қызыл отау» үйінен басталыпты. Алғашында онда 300-дей ғана кітап болған екен. 1938 жылы ең алғашқы көпшілік кітапхана аудан орталығынан ашылған. Осы тұста кітапханашы болып Иіс Рахметжанов жұмыс істепті. 1950 жылға дейін ауылдарда мәдениет үйлері болмағандықтан көркемөнерпаздар мектеп сахнасында өнерлерін көрсеткен. 1958-1959 жылдары Ғ.Мүсіреповтың «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», Ә.Тәжібаевтың «Жалғыз ағаш орман емес» деген спектакльдері сахнада қойылған. Семейдің Абай атындағы драма театрының сол кездегі режиссері, Қазақ КСР-інің халық артисі Б.Омаров Ақсуаттық өнерпаздардың талабын жоғары бағалап, драма үйірмесін «Халық театры» атағын алуға әзірлеуге ат салысты. Белгілі өнерпаздардың толассыз еңбегін ақсуаттықтар ақтады. 1960 жылы Қазақ КСР Мәдениет Министрлігінің шешімімен Ақсуат өнерпаздарының ұжымына «Халық театры» деген мәртебелі атақты иеленді. 1966 жылы Ақсуат ауылында танымал сазгер, өнегелі ұстаз Алшынғазы Байқыдыровтың ұйымдастыруымен алғашқы домбырашылар оркестрінің негізі салынды.

1970 жылы ауданның мәдени өмірінде тағы бір елеулі жаңалық болды. Жас өнерпаздардың белсене араласуымен «Көктем» эстрадалық ансамблі құрылды. Оның негізін қалаушылар Ф.Аккерт, А.Әмірханов сынды өнерлі жастар. Ақсуат аймағына үнсіз кино лентасы ең алғаш рет 1935 жылы әкеліп қойылған болатын. Әйкен Пыштаханов деген азамат киноны қойған адам екен. Ал 1943 жылдан бастап бұл өңірге «К-25» маркалы кино аппараты мен дыбысты кино ленталары келген. Аталған аппараттар сол кезеңде «А3-2» деген бір цилиндрлі моторымен жұмыс істейтін. Алғашқы клуб үйлері 50-60 орындық шағын ғана болды да кино да сонда қойылған. Аталған жылдары елді мекендерді бір-бірімен жалғастыратын негізгі көлік – түйе, өгіз жегілген арба мен шана болған. 1955 жылға дейін алыс ауылдарды қыста шана, жазда арбамен аралап жүріп халыққа кино көрсетілімдерін ұсына алған. Алғашқы киномеханиктер Зәбір Қабдиев, Әнуарбек Мамырбековтар еді. М.Баймұрзинге 1969 жылы Қазақ КСР-іне еңбегі сіңірген Мәдениет қызметкері деген құрметті атақтарға ие болды [7, 110].

1955 жылдың өзінде Ақсуат ауданында 9 оқу үйі, 6 кітапхана, 5 қызыл отау, 2 селолық клуб, 2 мәдениет үйі, 2 тұрақты және 3 көшпелі кино жұмыс істейді. Мұнан басқа аймақта МТС пен ММШС - та 2 оқу үйі, орта және орталау мектептерде 5 кітапхана совхоз бен балық заводында колхоздарда барлығы 12 клуб орналасқан болатын. Кино мен мәдени ағарту мекемелерінде қызмет істейтін 47 адамның ішінде СОКП мүшесі 10, комсомол мүшесі 24, ортадан жоғары білім бар 1, орта мамандық білімі бар 1, жалпы орта білімі бар 11,7 - сынып көлемінде білімі барлар 18 болды.

Кеңестік дәуірде мәдени - ағарту мекемелерінің қызметкерлері мен алғашқы кездерде айына бір рет, соңғы кездерде екі айда бір рет семинар және саяси шаруашылық науқандарға байланысты нұсқау мәслихаттарын өткізіп отырған. 1955 жылы бір рет семинар, бір рет нұсқау мәслихатты өтті.

Аудандық мәдениет бөлімі жанында 23 адамнан құралған лекторлар тобы, Тұғыл селосы мен Шілікті совхозында селолық лектория жұмыс істейді. Аудан лекторлары тобының жұмысын сол кезеңде Мұхитов жолдас басқарады, 1955 жылы лекторлар мен мәслихат өткен жоқ. Лекторлар тарапынан оқылған лекция өте аз [8, 110].

1957 жылы Ақсуат аймағының «Обединенным труд» колхозында балық аулауда колхоз бойынша I - кварталдың жоспары 65 пайыз ғана орындалды. Балық аулаудың I - кварталында звено бастықтары Садғожанов Сыдық 71 пайыз, Апселимов Қасымжомарт 70 пайыз, Берикпаев Садуақас 90 пайыз, Бельдемчинов Балтабай 70 пайыз норма орындап, өздерімен социалистік жарысқа түскен звенолардан озып шықты. Дегенмен бұл көрсеткіштер әр уақытта әртүрлі болды. Мысалы, Колхоз бойынша өткен 1956 жылға қарағанда балық аулау нашар болып, звенолардың барлығы 100 пайыз орындай алмады.

Сондай-ақ ІІ кварталдың сезондық маусымына дайындықпен кірісіп, ІІ кварталға 18 звено құрамы жұмыс істеп бастады. Олардың 6 ертіс сүзғауы, 4 зайсан сүзғауы, 7 құрмау қайықтары өздеріне бөлініп берілген тиісті учаскелерде жүріп жатыр. Партия ұйымы бойынша үгітшілер тобы ІІ кварталға қайта іріктеліп, тиісті учаскелерде өздеріне тапсырылған іс-жоспар бойынша социалистік жарысты ұйымдастырып, оның қорытындысын колхозшыларға жария еткен [9, 19].

1954 жыл 23 наурыз күні Андреев атындағы колхозда бастауыш партия ұйымының жиналысында Орталық комитетінің ақпан-наурыз пленумы мен Қазақстан Коммунистік Партиясы VII съезінің қорытындылары және бастауыш партия ұйымының міндеттері жайында баяндама жасалынды [10, 18].

Сол кезеңдегі деректерге сүйенсек бір жақтылық көзқарасты байқаймыз. Атап айтқанда, Халық шаруашылығының мәдениетті өркендеуі және колхозшылардың материалдық әл - ауқатын жақсарту жөнінде колхоз алдына тұрған орасан зор міндеттерді орындауға партия ұйымының дайын екендігін көрсетті деген асыра сілтеу жоспарлары да берілген [11, 2].

1953 жылы мәдени жаңалықтарға толы жыл болды, соның бір дерегі ретінде Ласты аудандық кеңесіндегі Ворошилов атындағы колхоздың орталығында жаңадан салынған 250 адамдық клуб үйінің ашылуы. Клуб үйі ашылғаннан кейін мұнда колхозшыларға 6 рет концерт, 2 рет кино картина қойылымдары көрсетілді. Колхозшылар өздерінің бос уақыттарын клубта өткізген. Биллиард, шахмат - дойбы ойнап, мәдениетті дем алды. Клуб үйі жанында ұйымдастырылған көркем өнер үйірмесі жұмысы істеді. [12, 2].

Ақсуат ауданында 1961 жылы алғаш рет мәдениет үйін пайдалануға берілді. Екі қабатты мәдениет ордасының шымылдығы «Қозы Көрпеш - Баян сұлу», «Беу, қыздар-ай» және Әнуарбек Сейілхановтың дайындаған, баянмен сүйемелденген қойылымдарымен басталды. «Біржан-Сара» операсында басты партияларын орындаған Тоқтасын Мәсәлімов пен Сәния Шағиева әнмен шалқытты. Бүкіл аудандағы жалғыз ғана екі қабатты үйдің ашылуы Ақсуат аймағындағы шын мәніндегі тарихи оқиға еді. Бұл ғимарат арқылы кейіннен Ақжар мәдениет үйі театрының іргетасы қаланды. Алматыдағы консерваторияның актерлік факультетін бітіріп, Совет Сәбиевтің келуі де мәдениет үйінің пайдалануға берілуімен тура келді. Совет Сәбиев мәдениет бөліміне қызметке орналасып, мәдениет үйінің режиссері болып бекітілді. Ақжар мәдениет үйінде көп еңбегі сіңген өнер қайраткері, мәдениет үйінің директоры Болат Құсайыновтың өнеріне, еңбегіне, құрмет көрсету өнердің де, елдің де мерейі үшін қажет-ақ [13, 29].

XX ғасырда Ақсуат аймағынан шыққан, атағы республикадан асып танымал болған өнерпаздар тобы қалыптасты. Ақсуат аймағы өнерпаздары 1962 жылы 22 маусымда Қазақ КСР Мәдениет Министрлігінің шешімімен мәдениет үйі өнерпаздар ұжымына «Ақжар халық театры» атағын иеленді. Ақсуат, аймағының танымал өнерпаздары Ақжар халық театрының төңірегіне шоғырланды. Қазақ ұлттық консерваториясының түлегі С.Сәбиев аймақ халқының таланттарын қолдады. Аймақ жастарын өнерге тәрбиеледі. Абай атындағы орта мектеп ұжымы «Біржан-Сара» операсын сахнаға қойылымға шығарды. Басты рольдерді сомдағандар қатарында Ә.Қайназарова, Қ.Билялов, З.Билялова, Ғ.Малдыбаева, И.Қамажанов және т.б. болды, ұстаздар қауымы түгел опера қойылымына белсенді араласты.

Республиканың 40-қа жуық аудандары арасында 1962 жылы Алматыда «Халық театрларының» байқауы өткен. Ақсуат ауданынан барған өнерпаздар «Ана Жер Ана» қойылымымен ауданның мәдени өміріне жаңа бетбұрыс жасады.

1963 жылы 1-қарашада Мәскеудің орталық телестудиясында Ақжар халық театрының өнерпаздары үлкен концерт қойды. Аталған тұста Ақсуат, Зайсан аудандары біріктіріліп, «Зайсан өндірістік бірлестігі» атанып тұрған уақыт. «Ақжардан Мәскеуге дейін» деректі фильмі түсірілді. 1960 жылдардың басында Ақсуат аймағының мәдениетінің біршама жетістікке жеткен кезеңі еді.

XX ғасырдың әр жылдарында ауданның мәдениет саласына басшылық жасаған С.Тоқтаубаев, А.Теміржанов, К.Байтоғасов, Т.Мұқатов, А.Нұрғазина, С.Рақымжанов, Г.Әмірғазина өнері топырағынан деп саналатын өңірдің мәдени өміріне жетістіктер әкелді. XX ғасырдың аяғында аймақта бір аудандық, 8 ауылдық мәдениет үйлері, 23 ауылдық клубтар, 18 автоклуб, 7 «халықтық» атағы бар өнер ұжымдары халыққа мәдени қызмет жасаған екен. Аталған мемлекеттік мәдениет орындарында 200-ге жуық адам қызмет етті.

XX ғасырдың 50 жылдарында халық алдына өнер көрсеткен оркестр жетекшісі Т.Баяхов, халық хоры және вокальды топтың жетекшісі, сазгер Қ.Қайырбаев, әншілер Е.Қыдырмолдин, С.Дөңесбаев, С.Оспанов, Ә.Бітібаева, Т.Мәтқарімов, Б.Жолдыбаев, Т.Рахатов, т.б. қобызшы З. Ескендірова аймақтың мақтанышы болды. Ақын С.Мәуленовтің сөзіне жазылған Б.Әшірбаевтың «Тарбағатай таулары» әні ел-жұрттың әніне айналды. Ақжар аудандық Мәдениет үйінің базасында 1970 жылы «Жастар» сазды-аспапты эстрадалық шағын топшасы құралды. Оны ұйымдастырушы вокалистер Оралбек Әумажиков,

Болат Закиров, Болат Құсайынов, Қайрат Қабдешов, Қанат Әмірханов, Майра Қаламова, Тілеубек Ажахметов, Үмітгүл Баянбаева, Рашид Абдуллин, Досмұхамбетов, Бексолтанов, Адамбек Құнанбаев және т.б.. Аталған тұлғалардың өнердегі жолы әр түрлі болды. Ақсуаттың осы жас толқындары тұсында өнерпаздарымыз республикалық орталық телестудиядағы «Алтыбақан» бағдарламасына қатысты. Республикалық сахнада көрсеткен өнерпаздардың өнеріне Алматы қаласының халқы қошамет көрсетті. Ақжар өнерпаздары 1989 жылы Болгарияда өткен Қазақ республикасы мәдени күніне қатысып, үлкен абыроймен оралды.

Ақсуат ауданында туып, республикаға танымал он саусағынан өнер тамған шеберлер есімдерінің қатары жыл сайын көбеюде. Олардың қатарында алдымен «Карикатураның королі» атанған Еркін Нұрзахановтың есімін атасақ болады. Еркін Ыбырайымұлының биік азаматтық болмысы, суретшілік ерекшелігі, журналистік қарымы туған ел-жұртының мақтанышы.

1964 жылы Шығыс Қазақстан облысы Ақсуат аймағының Ақжар аулында дүниеге келген Сержан Мұратұлы Бәшіров туралы айта кетсек. Ол Алматының Гоголь атындағы Мемлекеттік көркемсурет училищесін, ал 1991 жылы Алматы Мемлекеттік театр - көркемөнер институтын тәмамдаған. Республикалық көркемсурет колледжінің оқытушысы. Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі. Осындай талантты өнерпаздардың Ақсуатта туып өскені елге мақтаныш. [14,307]

Ақындар Бақыт Ихсанов, Хамит Балшабеков, Әрінбек Мәселов, Оралбек Бөкебаев, Сайлаухан Сағидолин туған ел - жұртының жақсылығы мен өмір тынысын жыраудың үлгісін көрсете білді. Өткен ғасырдағы Ақсуаттың қайталанбас ақынының бірі - Хамит Балшабеков еді. Тума талантты мен дарыны, қабілеттілік күші оны Шығыс өнерінің биігіне көтерді. Ой өрімі өжет, сөз саптауы өтімді де ұтқыр, өлеңдері оқырманының көкейіне дөп тиетін, тілдік қоры мол ақын еді. Ақсуат аймағы өнерлі өңірлердің бірі болып табылады [15, 156]

Нәтижелері.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 3 мамырдағы Жарлығымен Семей облысы таратылып, Ақсуат ауданы Шығыс Қазақстан облысының құрамына кірді [16, 20]. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 23 мамырдағы қаулысымен Ақсуат ауданы таратылып, оның аумағы Тарбағатай ауданының құрамына енгізілді [16, 23 с.].

1997 жылдың мамыр айындағы әкімшілік-аумақтық өзгерістерге байланысты көршілес Тарбағатай, Ақсуат аудандары қосылып, бір таудың төсін жайлаған, ежелден рулас, бауырлас екі ел қайта қауышып, іргесі кеңейді. 59 мың халқы бар облысымыздағы ең үлкен аудандардың қатарында, оннан астам ұлт өкіл-дері мекендеген өңір жыл өткен сайын түлеп, жаңарды. Әр уақыт сайын, әр жылдар сайын еңбек еткен маңдай тер бағаланып, ауданымызды абыройға бөлеген еңбек ерлері, алтын жұлдыздарды кеудеге қадаған Ақсуат патриоттары, жасампаз еңбектің жемісін көрген ел ағаларының айтулы істері ұрпақтан ұрпаққа алмасып, жадымызда жаңғырып жатты. Ел ішінде адал еңбек сіңіріп, атақ-абырайға бөленген аға-ұрпақ өкілдері сан жеткісіз. Әрқайсысының өз орны, өз жолы бар. Тарбағатай осындай ардақтылармен де абыройлы. Ауданның ұл-қыздары жасампаз ісі арқылы халқын көтерсе, халқы оларды мақтан етті [17, 36].

1999 жылғы 1 қаңтар айындағы аудандық құрамы бойынша, ауылдық округтер: Ақсуат, Екпінді, Көкжыра, Сәтпаев, Ырғызбай, Қызыл - Кесек, Құмкөл, Ойшілік, Кіндік, Қабанбай, Қарасу, Құйған, Жетіарал, Маңырақ; Туғыл поселкелік әкімшілігі болды [17, 36].

Ақсуатта елге билік айтқан көсемдер, шешендер, әділ шешімді билер, қол бастап шыққан батырлар, күйшілер, күміс көмей әншілер, ақындар, көріпкел әулиелігімен аты аңызға айналған емшілер, жауырыны жерге тимеген палуандар өмір кешкен.

Қазақстан тарихи зерттеулерінде «Алтын - оба» аталып кеткен Шілікті аңғарындағы қорғандардан осы дәуірдің көне мәдениет ескерткіштері. Археологиялық қазба кезінде 500-ден астам алтын бұйымдар шыққан. Олардың көпшілігі еліміздің ұлттық архивінде және әлемдегі ең үлкен архивтардың бірі Санкт-Петербургтағы Эрмитажда сақталуда. Шыбынды елді-мекені маңындағы обадан табылған барыс мүсіні орнатылған қос шырағдан, Кіндікті өңірінен түркі қағанаты дәуіріндегі тас мүсіндер табылған. Жермен елдің тұтастығын сақтап қалған ұрпаққа ұран, халқына мақтан болған Қаракерей Қабанбай, Би Боранбай, Дәулетбай бабаларымыздың Ақсуат өңірінің тумасы екендігін, ұлы ерлігіне лайық дарабоз, батыр атануы ұрпақтар үшін зор мақтаныш. Елін қорғаудағы ұлы ерліктер Ақсуат өңірінде өткені белгілі. Аудан жеріндегі Қалмаққырған, Долаңқара, Кергентас, Баспан, Майлышат, Құбас кезеңі, Шорға, Мауқыбай, Шаманна тағы басқа тарихи жерлер осы оқиғаға байланысты аталған.

Аймақтағы 1826 жылы орыс патшалығына бодан болмаймыз деп алғаш рет анықтап, ашық қарсы шығып ақыры сол үшін құрбан болған Қожагелді батыр, Сатының ұраны болған Бұтабай, Маңырақ айқасында аты шыққан Байотар, ел бірлігін көксеген Сасан, Шәкі билер, Сатының биі қажы, бүкіл ісі қазаққа әйгілі Тана мырза мен Кенжелі шешен, Найман елінен алғаш рет қажыға барған Шал қажы,

Құрбан қажы, Әулие емші Бірғызбай, Оразбай дуана, қарадан шығып аға султан болған Қисық, сұлтандар Ақсуат жерін мекендеген еді. Аймақтың әкімшілік – территориялық бөлінісі, негізінен қазіргі кезде аудан 17 ауылдық округ, және 65 ауылдық елді мекенге бөлінген еді. Ақсуат, Ақжар, Тұғыл, Жетіарал, Қабанбай, Жәңгікей, Қарасу, Сәтпаев, Құмкөл, Көкжыра, Құйған, Екпін, Жаңаауыл, Маңырақ, Қызылкесік, Ойшілік, Кіндікті ауылдық округі бар Ақсуат ауданы . Шығыс Қазақстан облыстық Мемлекеттік архиві және филиалдары [17, 36].

Қорытынды.

Абай облысы Ақсуат ауданының тарихын жазу барысында, ең бірінші әкімшілік-аумақтық құрылысы жайлы қарастырылды. Онда Ақсуат өңірінің әкімшілік-аумақтық құрылымының тарихы және сол жердегі шыққан адамдар мен ондағы ауылдық кеңестердің құрылуы жайлы баяндалады.

Солтүстігі Ресеймен, шығысы мен оңтүстік-шығысы Қытаймен шектесіп жатқан қазіргі Абай облысына қарасты Ақсуат ауданы 1997 жылы бұрынғы Семей облысының Ақсуат ауданы мен Шығыс Қазақстан облысына қарасты Ақсуат ауданының бірігуі негізінде құрылған, тарихы да, табиғаты да тым ерекше аймақ.

Аудан орталығы – бұрынғы Ақсуат ауданының орталығы Ақсуат ауылы. Бұл елді мекен Тарбағатайдың орта тұсындағы еңістік етегіне қарай орналасқан.

Ал Семей облыстық Мәдениет басқармасының ұсынысымен Қазақ КСР-і Мәдениет Министрлігінің 1986 жылғы 17 желтоқсандағы №385 бұйрығы негізінде облыстық тарихи-өлкетану музейінің Ақсуат аудандық бөлімі болып құрылып, 1993 жылы 18 мамырда өзінің алғашқы келушілерін қабылдады [18].

Шығыс Қазақстан облысы елді мекендерінің, Әкімшілік-аумақтық құрылыс кезінде 1920-2002 жылдар аралығында аттарды өзгерту мен түрлендіру жолында, осы бір қиын жолдардан өтті. Облыста жанадан, аудандар, қалалар, ауылдар, құрыла бастады. Ол кезде әкімшілік бағыныстағы өзгерістерде болып жатты. Бірақ облыстың көптеген елді мекендері қайта өзгертіліп жатты. Сондықтан топонимияның ұлтына байланысты, әкімшілік-аумақтық бірліктердің түпнұсқа тарихи-географиялық атауларын қалпына келтіру және қазақ топонимдер атауларын орыс тіліне аудару керек болды [19, 78-82].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қайсенов З. Шығыс Қазақстан облысының тарихи-очерктері / З. Қайсенов. - Өскемен, 2007. - 334 б.; 243б.
2. Шығыс Қазақстан облысының ономастикалық атауларының көрсеткіш-анықтамалығы: «Рекламный Дайджест» баспаханасы. – Өскемен, 2008. – 136 б., 40-41б.
3. «Прииртышская правда», 27 февраля 1935 г., № 46 – 2б.
4. Центральный государственный архив (ЦГА) РК, ф.1109, оп.5, д.46, л.19
5. Тарбағатай 80 жыл : энциклопедия / С. Жақаев [және т.б.]. - Өскемен, 2008. – 152 б.; 15б.
6. Нурғалымова Г. Шығыс Қазақстанның көне тарихы мен мәдениеті .- Алматы, 1998 ж. -168 с.
7. Барқытбелдің баурайында: Тарбағатай ауданына 70 жыл / Ә. Қайырбаев [және т. б.]. - Өскемен, 1998. – 306 б.; 110б.
8. ШҚОМА. - 129-қор. - 12-тізбек. - 64-іс. - 32 парақ; п.32
9. ШҚОМА.. - 129-қор. - 14-тізбек. - № 45. - 19 п.; п.19
10. ШҚОМА.. - 129-қор. - 12-тізбек. - № 26. - 18 парақ; п.18
11. Мәдени ойын-сауық // Большевиктік колхоз. – 1952. - 17 қаңтар. - №3(487). –2б.
12. Мәдени жаңалықтарға толы жыл // Большевиктік колхоз. – 1953. 22 қаңтар - №7 (1031). –2 б., 2б.
13. Дидар // Тоқпановтың ізі қалған театр / Ф. Қожасметов - 2017. - 13 шілде. - Б. 29., 29б.
14. Ақанұлы С. Ғасыр көші : Тарбағатай ауданына 85 жыл / С.Ақанұлы. - Өскемен, 2013. - 404 б.; 307 б.
15. Сборник актов постановлений Правительства (САПП) РК, 1997, № 18, с.156,
16. Тарбағатай 80 жыл : энциклопедия / С. Жақаев [және т.б.]. - Өскемен, 2008. – 152 бет., 20б.
- 17.Справочник рекомендован к изданию Научным Советом Комитета по управлению архивами и документацией Министерства культуры, информации и общественного согласия Республики Казахстан. – 2003. - 4декабря. – 456 с., 36б.
18. Электронный ресурс. – Режим доступа: <http://e-arhiv.vko.gov.kz/kk/Page/Index/1551>. свободный. – Яз. Каз.
19. Ақжасарова, Қ. Тарбағатай тарихы / Қ. Ақжасарова // Мәдени мұра. – 2011. №6. – б., 78-82б.

References:

1. Qaicenov Z. *Shyǵyc Qazaqstan oblycynyń tarihi-ocherkeri* / Z. Qaicenov. - Óckemen, 2007. - 334 b.; 243b.
2. *Shyǵyc Qazaqstan oblycynyń onomactikalıq ataýlarynyń kórcetkish-anyqtamalyǵy: «Reklamnyı Daject» bacpahanacy.* – Óckemen, 2008. – 136 b., 40-41b.
3. «Prurtyshckaia pravda», 27 fevralia 1935 g., № 46 – 2b.
4. *Tsentralnyı gocydarctvennyı arhiv (TsGA) RK, f.1109, op.5, d.46, l.19*
5. *Tarbaǵataı 80 jyl : entsiklopedua / C. Jaqaev [jáne t.b.].* - Óckemen, 2008. – 152 b.; 15b.
6. *Nýrgalymova G. Shyǵys Qazaqstannyń kóne tarihy men mádenieti .-* Almaty, 1998 j. -168 s.
7. *Barqytbeldiń baýraıynda: Tarbaǵataı aýdanyna 70 jyl / Á. Qayırbayev [jáne t. b.].* - Óckemen, 1998. – 306 b.; 110b.
8. *ShQOMMA.* - 129-qor. - 12-tizbek. - 64-ic. - 32 paraq; p.32
9. *ShQOMMA.* - 129-qor. - 14-tizbek. - № 45. - 19 p.; p.19
10. *ShQOMMA.* - 129-qor. - 12-tizbek. - № 26. - 18 paraq.; p.18
11. *Mádeni oıyn cáıyq // Bolshevıktik kolhoz.* – 1952. - 17 qańtar. - №3(487). –2b.
12. *Mádeni jańalyqtarǵa toly jyl // Bolshevıktik kolhoz.* – 1953. 22 qańtar - №7 (1031). –2–bet., 2b.
13. *Didar // Toqpanovtyń izi qalǵan teatr / Ğ. Qojahmetov* - 2017. - 13 shilde. - B. 29., 29b.
14. *Aqanuly C. Ğacyr kóshi : Tarbaǵataı aýdanyna 85 jyl / C. Aqanuly.* - Óckemen, 2013. - 404 b.; 307b.
15. *Cbornik aktov poctanovlenıı Pravitelctva (CAPP) RK, 1997, № 18, c.156,*
16. *Tarbaǵataı 80 jyl : entsiklopedua / C. Jaqaev [jáne t.b.].* - Óckemen, 2008. – 152 bet., 20b.
17. *Cpravochnik rekomendovan k izdanııy Naýchnym Covetom Komiteta po ýpravlenııy arhıvamı ı dokýmentatsııı Mınısterctva kúltúry, informatsıı ı obectvennogo coglacııa Respýblikı Kazahstan.* – 2003. - 4dekabııa. – 456 c., 36b.
18. *Elektronnyı recýrc.* – Rejum doctýpa: <http://e-arhiv.vko.gov.kz/kk/Page/Index/1551>. cvobodnyı. – Iaz. Kaz.
19. *Aqjacarova, Q. Tarbaǵataı tarihy / Q. Aqjacarova // Mádeni mura.* – 2011. №6. – b., 78-82b.